

Бағыттары (принциптері)

1-бағыт: Білімнің салтанат құруы

Мақсаты: Қазақстандықтар табыстылығының іргелі факторы ретінде білімнің салтанат құруына ұмтылу

Міндеттері:

1. Заманауи инновациялық технологияларды есепке ала отырып, білім беру сапасын арттыру.
2. Азаматтардың жалпы білімділік деңгейінің өсуі. Өз бетінше білім алу үшін мүмкіндіктер беру.
3. Өскелең ұрпақ санасында білім құндылықтарын қалыптастыру.

2-бағыт: Сананың ашықтығы

Мақсаты: Халықтың үздік әлемдік жетістіктер мен практикаларға алғырлығын қалыптастыру

Міндеттері:

1. Әлемде болып жатқан процестер мен оқиғалар туралы азаматтардың хабардар болуын арттыру.
2. Өз Отанына қызмет етуге бағытталған әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру.

3-бағыт: Прагматизм

Мақсаты: Нақты мақсатқа қол жеткізуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға және кәсіптік табысқа басымдық бере отырып, мінез-құлықтың ұтымды моделін қалыптастыру

Міндеттері:

1. Ұтымдылық мәдениетін қалыптастыру.
2. Өзіне, қоршаған ортаға және жұмысқа жауапты қарау.
3. Тауарлар мен көрсететін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру.

4-бағыт: Бәсекелік қабілет

1-мақсат: Адами капиталды дамыту үшін жағдайларды жақсарту

Міндеттері:

1. Еңбек өнімділігі мен құндылығын арттыру. Еңбеккер ұлтты тәрбиелеу.
2. Азаматтардың санасын масылдық көңіл-күйден белсенді өмірлік ұстанымға қайта бейімдеу.

5-бағыт: Ұлттық бірегейлікті сақтау

Мақсаты: Ұлттың өзін-өзі сәйкестендіру негізі ретінде мәдени кодты қайта қарау

Міндеттері:

1. Жалпыұлттық бірлікті нығайту.
2. Қазақ халқының мәдени мұрасына (дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл және т.б.) ұқыпты қарауды, сақтауды және дамытуды қамтамасыз ету.

6-бағыт: Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Мақсаты: Үдемелі эволюциялық даму мақсатында қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты кеңейту

Міндеттері:

1. Азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру.
2. Азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін арттыру. Қоғамда әлеуметтік оптимизмді нығайту мақсатында медиация институттарын дамыту.
3. Мемлекеттің институционалдық-коммуникативтік тиімділігін арттыру. Кері байланыс механизмдері мен құралдарын жетілдіру, қоғаммен диалогты жүйелеу.